



ОӘЖ 338.43

Ахелова А.Л.,
Қарабаева Ш. Ә.,
Алиева Ж.Т.

АЙМАҚТЫҢ ТҮРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ КЛАСТЕРЛЕУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАNUДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖИРИБЕЛЕРИ

В научной статье рассматриваются зарубежный опыт применения кластерного метода в развитии региональной экономики, история возникновения кластерного процесса, а также развитие кластерного направления Казахстана и ЮКО в условиях устойчивого развития.

In the scientific article are considered foreign experience of application cluster method in development of regional economy, occurrence history cluster process, and also development of cluster directions of Kazakhstan and South Kazakhstan Region in the conditions of a sustainable development are considered.

Аймақтық экономиканы кластерлеу құбылысының тамыры негізінен ғасырлар төрөніне бойлайды. Әлемдік экономикада бәсекеге қабілеттілік қоғамның дамуында өте үлкен маңыза ие. Қазіргі күндегі жаһандану процесіндегі нарықтың ұсыныс-сұранысына төтеп бере алатын қоғам ғана өркендейтіндігін білеміз. Қазіргі таңда нарықтағы бәсекелестіктің көбеюі және тұтынушылардың талаптарының өсуі, компаниялар бірлесіп жұмыс жүргізу арқылы әлемдік нарыққа шығу қажеттіліктерінін артуы аймақта экономикалық кластер жүйелерін құруды қажет етіп отыр. ҚР Президенті Қазақстан халқына жолдауында да - Қазақстанның әлемдік экономикаға ойдағыдан кіргігі - елдің экономикалық дамуының сапалық серпілісінін негізі ретінде екендігін, халықтың неғұрлым әлжуаз топтарын қорғайтын және экономикалық дамуына колдау көрсететін осы заманғы әлеуметтік саясат жүргізу керектігін, демократияны даму және Қазақстанның мұдделерін өнірлік және әлемдік дамудың серпінін ескеретін тенденциеліген және жауапты сыртқы саяси бағытты одан әрі іске асыру бағыттарын алға тартып көрсетеді.[1]

Қалаған аймақтық кластердің даму стратегиясы жаңа білім, инвестициялық жобаларды енгізу, оқыту арқылы аймақтағы стратегиялық мақсаттарды ынталандыруға бағытталған болады. Сәйкесінше, аймақтық кластерді дамытудың негізгі мәселесі болып – Қазақстан аймақтарының бәсекеге қабілеттіктерін арттыру мақсатында билік, бизнес және білім беру орындары араларында өндірістік келісім жүргізу майдандарын құру болып табылады.

Қазіргі таңдағы бір катар кластерлердің экономикалық өмірі сонау ұзақ тарихи ғасырлар тамырынан бастау алуы мүмкін. Мысалы, Голландтық транспорттық кластер, өзінін туылуымен Еуропаның орталығында орналасқан Голландияға, дамыған су жолдарына ие Ростердамдық портының тиімділігі мен ұзақ жылдар бойы Голландияның теніз тарихында жинақталған біліміне қарыздар болып табылады. Сондай әлемдік астаналар Лондон, Париж, Берлин, Рим, Нью-Йорк, Москва, Санкт-Петербург және т.с.с – тарихи мегакластерлер болып табылады.

Әлемнің көптеген елдерінде экономиканы жаһандандыруға айналдыру кезеңдерінде, дамыған экономикаларда, сондай-ақ дамушы экономикада да кластерлер көнінен етек жайды. Олар өнеркәсіптің әртүрлі салаларында Италия, Германия, АҚШ, Жапония, Ұлыбритания сияқты дамыған нарықтық қатынастар елдерінде де,



сондай-ақ дамуши елдер: Латын Америкасы, Азия мемлекеттері, Пакистан, Бразилия, Индия және Африка елдерінде де табысты жұмыс жүргізу. ЮНИДО сияқты, халықаралық ұйымдар мамандары тарапынан, кластерлердің дамуына жан-жақты қолдаулар жүргізіп жатыр. 1993 жылдан бастап жеке дара ЮНИДО, «Жекеменшік секторды дамыту» бөлімі көмегімен, аймақ үкіметі мен жекеменшік секторларының біргелікті жұмыс жүргізуі үшін, ұсыныстар жиынтығын өндеп және кластерлерді дамыту және кіші кәсіпкерлік желілерін дамыту бағдарламаларын өндеу және енгізу жүргізілген. Осы кезеңдерден бері ұйым тарапынан әр түрлі дамуши елдерде: Индия, Индонезия, Малайзия, Мексика, Никарагуа, Гондурас, Ямайка, Боливия, Мадагаскар, Марокко да техникалық әріптестік жұмыстары, кластер кәсіпорындарының табысты қызметтері және олардың құрылу әдістері жайлыш мысалдар зерттеліп келе жатыр.

Бірқатар факторлар, яғни шикізаттарды жеткізушилер, жабдықтар мен өндіріс қосалқы бөлшектерін жеткізушилер, әріптестестер және соғы өнімді шығарушылармен жақын көршілес отыру және олармен әріптестік етене араласу, олардың кооперацияларын өндірушілер ассоциациясына біркітіру, барлығы кластерді толығымен алға жылжуға мүмкіндік туғызды.

Дания Үкіметінің бастауымен 1988 жылдан 1993 жылға дейін «Дат желілік топтастыру бағдарламасы» жүргізілді. Бұл бағдарламаның туындауына себеп болып, дат экономикасының негізі болған кіші және орта кәсіпорындар бизнесі жаһандық масштабтағы бәсекеге қабілеттігі төмен болғандықтан, бағдарламаны осы мәселенін жауабы ретінде енгізу қаралған еді. Желілік топтастыру бағдарламасының мақсаты бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында фирмалар арасындағы кооперацияларды дамыту, фирмалардың күшті жақтарын пайдалану арқылы жаңа өнімдерді өндіру және нарыққа шығару; жана нарықтарда агенттер мен өткізушилерді енгізу; жекеше өнімдерді тольк ассортименттерінде кешенділеу сияқты жаңа бизнес бағыттарын құру болып табылды.

Данияда кластерді дамыту жолындағы туындаған мәселе болып, фирма аралық кооперацияларды құру дат елінің іскерлік мәдениетіне жатпайтын еді. Сондықтанда желілік топтастыру бағдарламасының мақсатында көптеген даттық компаниялардың әріптестікке қарсыласу әдеттерін жойып, бірлесуге ынталандыру мәселелерін арттыру көзделген. Бұл үшін женуге қажетті бір қанша тосқауылдардан өту қарастырылған. Біріншіден, желілік топтастыруға, бірлесуге қызығушылықтарын арттыру үшін, жергілікті фирмаларды қызықтыруға алып келетін тетіктерді табу қажеттігі. Екінші сынды жағдай – желілік топтастыруға бірлесудің өмір сүру колайтығын туыннату жолдарын қарастыру. Үшінші тосқауыл болып – осы қарастырылған жолдар бойынша жұмыспен айналысуға және осы жолдар арқылы дамуға компания топтарын үгіттеу болып танылды. Мұнда ең маңыздысы болып, компаниялардың жұмысты техника-экономикалық өндеуден бастау керектігіне көздерін жеткізу мәселесі. Мұнда тәжірибе үлгісі ретінде бастапқы қызығушылықтарын, курделі әдістемелерді, құралдарды және үгіттеу материалдарын игеру - ен басты мәселе болып табылады.

Үкімет тарапынан қаржыландырылған, «Дат желілік топтастыру бағдарламасы» 1993 жылды тоқтатылды. Тұтасымен алғанда бағдарлама, келесі қарым-қатынастарда табысты болды:

- Бес жыл бойы жүргізілген бағдарлама кеңаумаққа ие болды: мақсатты 10-12 мың кәсіпорын топтарынан 5 мыны осы желілік топтасу бағдарламасының жүргізілуіне ат салысты;
- Бағдарламаның жоғары деңгейлілігі кәсіпорындар желілерін дат іскерлік мәдениетінің бірінә экелді. Желілік бірігу ойлары мен тәжірибелері кеңінен тарағаны соншалықты, желілерді құру ісін бизнес мәселелерін шешудін жолдары деп қарастырылатын болды;
- Аралық зерттеулер жүргізілгенде, сұраған кәсіпорындардың 75% желіге қосылу олардың бәсекеге қабілеттіктерін арттырғандықтарын баяндайды; 90% қатысуыштар субсидиялық бағдарламаның тоқтатылғаннан кейін де, желіге қатысуын жалғастыру ниеттерін білдірді.[2]

Экономикалық саясаттың түбірлі мәселесі – субсидиялау дәрежесі болып танылады. Дат бағдарламасы ұзақ мерзімге жеткізілмесе де, негізінен үкімет тарапынан қаржыландырылды. Осыған қарама-қарсы жағдай мысалы Ұлыбританияда болды, мұнда жүргізілген шығындар негізінен қатысуышы кәсіпорындар тарапынан төленді. Дат бағытының артықшылығы – жоғары жылдамдықтағы етек жаюы мен кен тарапалуы болып саналады. Британдық бағыттың артықшылығына - қатысуыш кәсіпорындарының мықты ұстанымдылығы және бағдарламаның жоғары тұрақтылық пен өмір сүру қабілеттігіне ие екендігі жатады. Келесі кестеде шет елдердегі кластерлердің құрылу түрлері сипатталған.



Кесте 2.1.1 Шет елдердегі кластерлердің құрылу түрлері.

Аймактар, құрылған жылы	Кластер атауы, саласы	Тартымдылық себептері	Дамуы
Ольборг, Дания 1948	МобиЛЬДІК телефондар		Университеттермен байланыс арқылы технологияларды өндедеу.
Далтон, Джорджия (США) 1918	Клемдік төсөніштер	Өндесу түрлерінің сан алуандығы	Автоматизациялық даму, өндесу-лердегі бәсекелестікті нығайту
Кастел Гоффредо, Италия 1923	Трикотаж кластері	Нарыққа байла-нысты жұмысты жүргізу	Фабрикаларды жабу, құрал жабдықтарды қайта сату
Иби, Испания 1915	Ойыншықтар	Үйлерге арналған	Әр түрдегі өнімдерді шығару
Лос-Анджелес, Калифорния (США) 1968	"Toytown" ойыншықтары	Дистрибуциялық орталық, шығындар төмен	Иммигранттардың жаңа кәсіп-орындарын тарту, дизайндық колледж қызметтерін нығайту
Солтүстік-Орталық, Массачусетс 1760	Пластмассалық өнімдер	Жаңа өндесулер	Жаңа кәсіпкерлікті дамыту және жаңа өнім.
Сан-Диско 1950	Биотехнологиялық	Әскери, биотехнологиялық өнімдер	Жаңа өнімдерді шығару
Калифорния (США)	Фармацевтика	Теніз базасына, климаттық жағдайға арналған	Өнімдер, венчурлы капитал
Сосоло, Италия 1600	Черепица	Жерді тегістеу	Инновация, бәсекелестік жағдай, жабдықтаушылар тізбелілігі
Шотландия 1940	Электроника	Бір бағытта топталуы	Ішкі инвестиция, Мемлекеттік зерттеу және өндесулер
Лахти, Финляндия 1918	Мебель	Ағаш өндірісі, іс-тәжірибе, мамандыққа оқыту, көлік құралдары	Мамандану, қалыптасу
Тапело, Миссисипи (США) 1948	Мебель	Адам ресурстарын колдану, Орман	Жабдықтаушыларды тарту
Спрингфилд, Массачусетс (США) 1816	Металдар	Энергияларды қолдану, ойлау қарапайымдылығы	Өндірістің жаңа әдістерін дамыту

Қазақстан экономикасы дамудын жаңа деңгейіне өтті. Экономикалық дамудын жаңа деңгейінің айтарлықтай ерекшеліктеріне - әлемдік сауда үйімдары нарықтарында тауарларды еркін сауда, әлемдік нарық сегментіндегі бәсеке және экономикалық қарым-қатынаста елдердің әлемдік қауымдастыққа жаһандануы жатады. Қазақстан Республикасы бұл қарым қатынастарда ен соңғы орында емес. Соңғы жылдардағы республика экономикасының дамуы жоғары экономикалық өсү қарқынымен, 10%-дан жоғары жалпы өнімді шығарумен сипатталады. Жалпы өнімнің жартысынан көбірегі мұнай шики затының мен мұнайдың өндегілген өнімдері, ренде металдар және бидайды экспорттау үлесіне жатады. Мұнын түсіндірілуі осы өнімдерге сұраныстың өсуі, экспорттау үлесі және осы өнімдерге әлемдік бағалардың өсү факторына байланысты болады. Сондай-ақ, күтіліп отырған ішкі нарық ролінің көбеюін,



сыртқы жағдайда есептегендеге және әлемдік нарықтағы мұнай бағасының өсуінің ерекше динамикасы, Қазақстан экономикасының дамуының анықтаушылары болып табылады [3].

Казір экономиканың өсуінің жартысынан көбіргі сыртқы факторға байланысты, немесе жоғары экспорт табысының есерімен түсіндірледі. ОҚО кластерлерді құру, біріншіден – кластер бизнестің өзін-өзі үйимдастыру жүйесі ретінде жоғары экономикалық табандылыққа ие болып, аймақ экономикасын және әлеуметтік мәселелерді шешудін сенімді болашақ дамуын қалыптастыруға жәрдем береді; екіншіден – шетелдік іс-тәжірибе бизнесті, аймақтық билік органдары және білім-берау салаларын ұштастыру арқылы кластерлік табыстын дамуы аймақтың экономикалық өсуін, сонын ішінде инвестициялық тартымдылықты камтамасыз етеді; үшінші – кластерді мемлекеттік меншіктे және әріптестік негізде ҚР Үкіметі тарарапынан құрылуы аймақтың негізгі әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу және бір-біріне байланыс жасау жүйелерін құру бойынша ықпалдылық жаратады. Оңтүстік Қазақстан аймағының экономикасын соңғы жылдардағы негізгі дамыту бағыттарыда энергия алып журушілер мен мактаны өндіре өнімдеріне әлемдік бағаның өсуіне теуелді болады. Бұл жерде жүргізіліп жатырған экономикалық болжамдау, болашақта экспорттағы мұнай және шикізат өнімдерін жоғары қарқынмен өсіруді сақтап тұру мүмкіндігін бере алмайды[4].

Сондықтан, қызмет жүргізіп жатырған өнім беруші кәсіпорындардың өндірісінің болашактағы өсуі, олардың әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттігін жоғарылату нәтижелеріне тәуелді болады. Бұл ішкі нарық сұранысын қанағаттандыру қатынасын отандық өндірушілер ықпалына бұруды көздейді. Мұндай жағдайда аймақтық экономика тұрақтылығы, әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілікке табысты қолайлылық жағдай орнатуына тәуелді болады. Әр аймақ басқа аймақтарға қарағандағы өзінің жеке артықшылықтарын пайдалануы керек және меншікті жекеленген экономикалық кластерлерінің тұрақты дамуына жол ашу керек.

Жаңа экономикалық даму бағыты казіргі күні ОҚО өнеркәсібінде анық байқалады. Фармацевтикалық өнімдер, мұнайды қайта өндеу өнімдері және макташылық өнімдерінін облыстағы өндірілу деңгейі Республиканың орташа деңгейінен анағұрлым жоғары, немесе бұл өнімдерді жеке шығару сипаттамасына ие.

Дамыған Қенестік дәуірі кезінде ОҚО экономикасы, одактық еңбек бөлінісі, кен өндіру өнеркәсібі және химиялық өнеркәсіп, қорғасын зауыты және фармацевтика заман талаптарына жауап берді. Аймақтық жаһандану жағдайында өзінің бәсекеге қабілеттілік артықшылықтарын, технологиялық және жұмысшы әлеуетін жүзеге асыру үшін экономикада және жұмысшы күштері бойынша бәсекеге қабілеттілікті орнатуға көмектесетін ен алдыңғы қатарлы технологияларға жол ашу керек. Сондай құралдардың бірі-аймақты дамытуда кластерлік бағытты жүргізу болып табылады [5].

Аймақтық экономиканы кластерлеу бойынша шетелдік іскерлік тәжірибелерді жинақтау барысында, аймақтық кластерлеу жағдайы мен жалпылама концепциясын өндеу бағытында, аймақтың бәсекелік артықшылық теориясына негізделген аймақтық экономиканы кластерлеудің жаңа әдістері мен бағыттары өндеді. Атап айтқанда, кластерлеудің даму бағыттарын топтарға бөлту, кластерлердің жалпы сипаттамалары, кластерлерді бір-бірінен ерекшелендіретін сипаттамалары құрылып, кластерлік жүйенін әдістемелік негіздері жасалды. Нәтижесінде, жаһандану нарығы жағдайында кластерлік жүйенін бәсекеге қабілеттілігіне алып келетін ықпалдардың маңыздылығы анықталды.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан-2030» ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы
2. Портрет М. Международная конкуренция. Москва: Международные отношения, 1993
3. Таласов М.Ж., Утаров К.Ә., Иманбаев А.А. Оңтүстік Қазақстан аймағының экономикасы: кластерлеу мәселесі және оны шешудің халықаралық тәжірибесі. –Шымкент: Нұрлы бейне, 2006
4. Бишимбаев К.В., Ниязбекова Р.К. Перспективы развития хлопкового кластера на Юге Казахстана // Материалы международной научно – теоретической конференции «Проблемы формирования и развития конкурентоспособной экономики», посвященной 15-летию образования МКТУ им. Х.А.Ясави. Книга 2, Том 1. Шымкент, 2006
5. Утаров А.К., Ерманкулова Р.Н., Таласов М.Ж. Управление размещением промышленного производства в условиях рынка. Шымкент: Научное издание, МКТУ им.Х.А.Ясави, 2006